

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ  
ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 10 қазан

Отырысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Жұмысымызды бастаймыз. Бүгінгі күн тәртібіндегі комитеттің кеңейтілген отырысын өткізуге қажетті кворум бар. Екі депутат қазір бір-екі минуттан келіп кіреді.

Күн тәртібі сіздерге алдын ала таратылып берілген, қарсы болмасаңыздар, бекітейік.

ОРНЫНАН. Бекітілсін.

ТӨРАҒА. Күн тәртібінде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Бұл заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары генерал-майор Марат Шәдетханұлы Қожаевқа беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынамыз.

Келісім жобасы мүдделі мемлекеттік органдардың бәрімен келісілді, қажетті сараптамалардың бәрінен өтті.

Тараптардың біреуінің күштерімен және құралдарымен жойылмайтын төтенше жағдайлардың пайда болуын назарға ала отырып, тараптардың біреуінің аумағында төтенше жағдайлар пайда болған кезде бірлескен іс-қимылдардың арқасында осы келісімді іске асыруға мүмкіндік болады.

Келісімді ратификациялау:

1) төтенше жағдайларды болжау, халықты қауіп туындаған жағдайда іс-қимылдарға дайындау саласында тәжірибе алмасуға;

2) азаматтық қорғау саласындағы мамандарды тараптар мемлекеттерінің оқу орындарында оқытуға;

3) тараптың аумағында туындаған төтенше жағдайларды жою кезінде көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ келісім шеңберінде Қазақстан армян тарапымен сейсмикалық қауіпсіздікті арттыру, оның ішінде халықты жедел хабардар ету және эвакуациялау бойынша тәжірибе алмасуды жүзеге асыруға ниетті.

1988 жылғы Спитак қаласында болған жер сілкінісінен кейін Арменияның заңнамалық жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізіліпті.

Армениядан көмек көрсету туралы сұрау алған жағдайда Қазақстан Үкіметі сұрау салуды қарау қорытындысы бойынша көмек көрсету жөніндегі топты немесе жабдықтарды, бірінші кезекте қажетті заттарды жіберу немесе ақша-қаражатты аудару туралы шешім қабылдайтын болады.

Бұған дейін осындай келісімдер Ресей Федерациясымен, Беларусь, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Украинамен, Грузиямен жасалған. Жалпы 17 екіжақты, 13 көпжақты келісім жасалды.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы теріс салдарға әкеп соқтырмайды және қосымша қаржылай шығынды талап етпейді, ал оны қабылдау дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайтуға және тараптардың аумағында табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан болатын келеңсіз салдарды азайтуға мүмкіндік береді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл дәстүрлі заң жобасы. Жаңа баяндамашы айтып кеткендей, біз 17 осындай заң жобасын қабылдадық және оның өзі арнайы схемамен жасалады, екі тарапқа бірдей болады.

Заң жобасы басқа комитеттерде талқыланды, бізге ешқандай ескерту келіп түскен жоқ.

Баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Баяндамашыға сұрақ жоқ. Онда менде сұрақ бар, оны депутаттық сауал деп қабылдаңыз, маған кейін жазбаша жауап беріңіз.

Бұл Қарағандыда болған оқиғаға байланысты. Ол үлкен қоғамдық резонанс туғызды, қазақстандықтардың бәрі оны біледі. Кісі өлімі болды, өлген сіз бен біздің қандасымыз – Қазақстан Республикасының азаматы. Оған байланысты сіздердің істі жүргізіп сотқа жібергендеріңізді білеміз. Бірақ бір адам Ресей территориясында әлі күнге дейін қашып жүр. Оны сіздер таптыңыздар. Оның өзінің де Ресей территориясында қорғалатын құқы бар. Экстрадиция жасалу үшін шағым берілген екен, шағым орта жолдан бір рет қаралып, қайтарылыпты, ол екінші рет берген. Осы мәселе қандай жағдайда? Ол азаматты қашан қайтарасыздар? Ол азамат қай уақытта Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес кісі өлтіру ісі бойынша жауапқа тартылады? Осы жөнінде қазір жауап бермей-ақ қоюыңызға болады, бірақ маған міндетті түрде жазбаша жауап беруіңізді тапсырамын. Әлде қазір берейін деп отырсыз ба?

ҚОЖАЕВ М.Ш. Кейін жазбаша берейін.

ТӨРАҒА. Онда маған толық ақпарат беріңіз, өйткені бұл резонансты оқиға.

Басқа сұрақтар болмаса, қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Қайрат Пернешұлы Қожамжаровқа беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Мұхтар Абрарұлы, құрметті әріптестер! Марат Шәдетханұлы заң жобасының мазмұнын толық ашып берді. Сол себепті сіздердің қолдауларыңызды сұраймын. Себебі бұл келісімшарт екі тарапқа да керек, қиын жағдайларда, төтенше жағдайларда, зілзала жағдайларында екі ел бір-біріне қолынан келгенше құрал-жабдық жағынан, бар мүмкіншіліктерімен көмектесе алады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қосымша баяндамашыға қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Заң жобасын ескертусіз қолдап, Сенаттың кезекті отырысына жіберу жөнінде бір ғана ұсыныс келді. Қарсы емессіздер ме?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Ендеше толығымен мақұлданды, заң жобасы ешбір ескертусіз Сенаттың отырысына жіберіледі. Осы мәселе бойынша шақырылған қонақтарға рақмет.

Осымен комитеттің кеңейтілген отырысы аяқталды.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.